

Қазақстандағы күрделі инвестициялық бизнес жобалар

Орындаған; Тоқтамысова Диляра

Инвестициялық жоба - халықаралық тәжірибеде кәсіпорынның даму жоспары бизнес-жоспар ретінде көрсетіледі, ол негізінен кәсіпорынның даму жоспарының құрамдастырылған сипаты болып табылады. Егер жоба инвестицияны тартумен байланысты болса, онда ол «инвестициялық жоба» деп аталады.

Шетелдік инвестицияларын тарту саясаты 1991 жылдан басталып, бүгінде Қазақстан Республикасы шетел инвестицияларын тарту бойынша алдыңғы қатарда.

Инвестицияның құйылуы өндірістің кеңеюіне және сонымен қатар экономиканың әлеуметтік экономикалық дамуының сапалы, жаңа деңгейге шығуын қамтамасыз етеді.

Қазақстан ұзақ мерзімге бағытталған «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясына» сәйкес өзінің динамикалық дамуын жалғастыруда, сонымен қатар біздің алдымызда – Қазақстанды әлемнің бәсекеге қабілетті елу елінің қатарына енгізуіміз қажет деген стратегиялық мәселеміз тұр. Бүгінде Қазақстанның экономикасына тартылған тікелей шетелдік инвесторлардың жалпы түсімінің өсулері 60-65 пайыз көлемін құрайды

Қазақстанда инвестициялаудың себебі

Табиғи ресурстар бай

Қолайлы орналасуы

Саяси тұрақтылық

Қолайлы бизнес климаты

Инвесторларды қорғау

Экономикалық өсу

Кеден одағы нарығы

Өнеркәсіптік және инновациялық даму

Қандай елдер Қазақстанға ең көп инвестиция салған



США (28,4 млрд долларов)
Швейцария (18,2 млрд долларов)
Китай (14,5 млрд долларов)
Франция (13,6 млрд долларов)
Великобритания (12,3 млрд долларов)
Россия (10,8 млрд долларов)
Италия (5,8 млрд долларов)

Шетелдік инвестициялар үшін Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласы тартымды болып отыр.


2015 жылы ауыл шаруашылығы секторына құйылған инвестициялар көлемі 167 млрд. теңгені құрады.

«Rifa Holding Group» компаниясы Шығыс Қазақстан облысында қуаттылығы жылына 17 мың тона қой және сиыр етін өндіретін ет комбинатының құрылысына обаның жалпы құны 7,9 млрд.тг бағаланады. «Rifa Holding Group» жобаға қатысу үлесі 49% құрайды.

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігімен (әрі қарай – АШМ) Rifa Holding Group», «Айцзюй», «СІТІС» и «СОFCO» қытайлық компанияларын «100 нақты қадам» ұлт жоспарына сәйкес (әрі қарай -Жоспар) ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өндеуді дамытуға стратегиялық инвесторлар ретінде тарту бойынша жұмыстар жүргізілуде.


Приток иностранных инвестиций в РК

I полугодие | млрд долл. США




ТОП-10 стран-инвесторов в экономику Казахстана

I полугодие | млн долл. США





Годовые показатели



Шетелдік компаниялар Қазақстан экономикасына \$ 3,5 млрд инвестиция салуға дайын

* Жеңіс Қасымбек, Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі

* 2017 жылдың бірінші жартысында Қазақстан
экономикасына 10 миллиард доллар тартылды.

--Қазақстандық экономикаға тікелей шетелдік
инвестициялар түріндегі жыл сайынғы инъекциялар жаңа
жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Бүгін форумда
осындай бірқатар келісімдерге қол қойылды. Мысалы,
Қарағандыда таяу уақытта 50 млн. АҚШ доллары
сомасындағы әк өндірісі зауыты ашылады.

Араква Нобуки, Toyota Tsusho өкілдігінің басшысы

- Қазақстан бізге үлкен мүмкіндіктер ұсынады. Барлық компанияларда қайда инвестиция жасау керектігі туралы өз көзқарастары бар, біз автомобиль өнеркәсібіне, аграрлық секторға және инфрақұрылымға басымдық береміз. Біз қазірдің өзінде біздің капиталымызды бұл салаларға белсенді түрде инвестициялаймыз, сондай-ақ жергілікті банктермен ынтымақтасамыз.

Дак Еберт, «NC Invest» АҚ-ның АҚШ-тағы өкілі

-Біз Қазақстанға инвестиция тарту бойынша жүйелі жұмыс бастадық. Басым салалар химия, мұнай химиясы және машина жасау болып табылады. Біз тек көпұлтты компанияларға ғана емес, сондай-ақ АҚШ-тың орташа бизнесіне де назар аударамыз. Астанадағы Халықаралық инвестициялық форум тиімді болды. Бүгінгі кездесудің қорытындысы бойынша ел экономикасы тікелей шетелдік инвестициялар түрінде қосымша инъекцияларды алады. Бүгінгі күні қол қойылған келісімшарттардың жалпы сомасы 3,5 млрд. АҚШ долларынан асты

Қорытынды

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, экономикалық өсу шетел капиталының әсерінен болады. Бірақ, шетел инвесторлары үшін шикізат өндіруші салалар, әсіресе, мұнай-газ салалары басымды болып отыр. Осындай жағдайда экономиканың қалыпты және қарқынды дамуы қолайлы инвестициялық саясатқа тәуелді. Экономикалық дамудың, құрылымдық қайта құруды ұтымды жүзеге асырудың, әлемдік нарықта бәсекелестік позицияларды бекітудің қажетті шарты болып инвестициялық ресурстар табылады.

Шетелдік инвестицияларды тарту жаңа технологияларды ендіруге, сонымен қатар менеджмент пен маркетингтің қазіргі кездегі әдістерін ендіруге, инвестициялық салаға жаңа жұмыс орындарын құруға, жергілікті мамандарды үздіксіз оқытуға және де рынок жағдайына байланысты олардың біліктіліктерін көтеруге жағдай жасайды. Нәтижесінде, алынған техникалар мен технологиялар отандық тауар өндірушілердің өндірісін қолдауға және ынталандыруға алып келеді.